

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы
«Зарина» бөбекжай бақшасы ЖШС

Тақырыбы: «Ұрпақ ұлттық ойынмен
шыңдалады!»
эстафеталық жарыс



Дене шынықтыру нұсқаушысы: Б.Құдайбергенов



Күні: 20.03.2025 ж

Тақырыбы: «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады»

Мақсаты:

Балаларды қазақтың ұлттық ойындары арқылы дене шынықтыруға баулу және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру. Қазақ халқының мәдени мұрасын насихаттап, ұлттық ойындар арқылы патриоттық тәрбие беру. Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру және үйлесімді дене дамуын қамтамасыз ету. Бірлескен ойындар арқылы достықты, бірлік пен ынтымақтастықты қалыптастыру және балалардың ойлау қабілеті мен шығармашылық белсенділігін дамыту.

Қажетті құралдар: ат ойынына арналған ат атрибуты, кегилер, асықтар, арқан, қамшылар, жебе, теңге.

Дене шынықтыру нұсқаушысы:

Құрметті ұстаздар мен тәрбиешілер

Бүгінгі «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады» атты спорттық ойындар жарысына қош келдіңіздер! Топ арасындағы жарысқа командаларды ортаға шақырайық.

Қара жорға әнімен жарысқа қатысушылар ортаға шығады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы:

Міне, балалар шықты алаңға, Балабақша қызметкері мен балалар жеке-жеке команда.

«Ура» деген ұранды біз тастаймыз

Жарысымыздыал енді бастаймыз

«Жеңіске жетеміз!» деп

Жалынды ұран тастаймыз.

«Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады» - атты жарысымызды бастаймыз.

Бүгінгі жарысқа қатысуға екі команда келіп тұр. Осы командалардың жарысына әділ бағасын беретін сіздерсіздер.

Ал құрметті халайық

Жарысты енді көріңіз

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріндер – дей отырып топ капитандарына сөз берейік.

1 – топ «Тұлпар»

Топ капитаны -

2 – топ «Қыран»

Топ капитаны -

«Тұлпар» тобы

Қатар өскен құрдасқа,

Жарыс ұнап тұрмас па!

Қуып жету жақсы ғой

Озып шығу бір басқа.

«Қыран» тобы

Босқа қарап тұрмайық,

Бағымызды сынайық

Намысты қолдан бермейік

Жарысты озып шығайық.

Ал жарысқа қатысушы апайлар және балалар сіздерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.

Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныстырайық...

Сайыс шарттары:

1. Бәйге.
2. Теңге ілу.
3. Білектесу.
4. Асық ату.
5. Бес тас.
6. Арқан тартыс.
7. Жаяу тартыс.
8. Жебе ату.

Ойын шарты: «Бәйге»

Әр топтың алдына 4 – 5 м қашықтықта межелер белгіленеді. Екі топтың балалары (арақашықтық 2 метр) сап түзеп тұрады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі

бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысын салып шабуы тиіс. Апайлары атты қолдарына ұстап жүгіреді.

Ойын шарты: «Теңге ілу»

Тәрбиешілер жүгіріп белгілі бір жерге теңгелерді ыдысқа салып шығады. Балалар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.

Ойын шарты: «Қол күрес»

Бұл ойын стол үстінде ек тәрбиеші және баланың білек сынасуымен орындалады. Шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді.

Ойын шарты: «Асық ату»

Тегіс жерге шеңбер сызылады, шеңбердің ортасындағы сызыққа асықтар тігіліп, шеңберден бірдей қашықтықтағы екі жақ сызықтан ойыншылар ретпен кезек асық атады. Ойыншының сақасы асыққа тиіп, асық шеңберден шықса, ойыншы асықты алады.

Ойын шарты: «Бес тас»

Ойын тақыр жерде өтеді. Тәрбиешілер ең алдымен кім кімнен кейін ойнайтындығын бес тасты жоғары лақтырып, алақанның сыртына түсіріп, содан қаршып қағу арқылы кезек алысады. Ең көп қаршығаны бірінші, одан азы екінші, тағысын тағы солай кете береді.

Ойын шарты: «Арқан тартыс»

Ойынға ұзындығы 10 метр жуан арқан қажет. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды. Ойынға екі команда ойыншылары қатысады. Ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады. Жеңген команда ойыншыларына 5 ұпай беріледі.

Ойын шарты: «Жаяу тартыс»

Екі топтың қатысушылары арқанды ішпен тартады. Шашылған асықтарды шеңберге салады. Жылдам аяқтаған қатысушы жеңімпаз болады.

Ойын шарты: «Жебе ату»

Шамасы 1,5 – 2 м қашықта тұрған нысанаға, жебені атып дәлдеу.

Өнерге биік сеніңіз

Думанға қызық келіңіз

Әділ қазы ел сенген

Өнерге баға беріңіз.

Дене шынықтыру нұсқаушы.

Құрметті көрермендер, балалар біздің алға қойған мақсатымыз – бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулап адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан – жақты жетілдіруге бағытталған.

Бүгінгі балалармен «Ұрпақ ұлттық ойындармен шыңдалады» атты спорттық жарысымызды қорытындылап, әділ шешіммен «Тұлпар» және «Қыран» топтарының арасындағы сайыста достық жеңді. Осымен спорттық жарысымыз аяқталды. Көріптамашалағандарыңызға рахмет!



